



«БЕКІТЕМІН»:

Абай облысының білім

басқармасы басшысы

Н. Ахметкалиев

**«Ақ шағала» республикалық хореографиялық
фестиваль-байқауының облыстық кезеңін
өткізу ережесі**

1. Жалпы ережелер

1. «Ақ шағала» республикалық хореографиялық фестиваль-байқау (бұдан әрі – Фестиваль-байқау) өткізу қағидалары оның мақсатын, міндеттерін, форматын, оны ұйымдастыру, өткізу және қорытынды шығару тәртібін айқындайды.

2. Фестиваль-байқаудың мақсаты: білім алушылардың хореографиялық, шығармашылық қабілеттерін дамыту үшін жағдай жасау, үйлесімді тұлғаны тәрбиелеу және одан әрі дамыту бойынша жүйелі және мақсатты іс-шаралар жүргізу, рухани-адамгершілік және мәдени құндылықтарға тарту, балаларды қосымша біліммен қамту.

3. Фестиваль-байқаудың міндеттері:

1) білім алушыларды хореографиялық өнерге, тарихи мұраға тарту, оларды белсенді шығармашылық қызметке тарту, оларды әлеуметтендіру;

2) би мәдени дәстүрлерін қалпына келтіру, би мәдениетінің тарихын зерттеу;

3) балалардың бойында ұлттық мәдениетке, халық дәстүрлеріне патриотизм, құрмет және ұқыпты қарау сезімдерін тәрбиелеу;

4) шығармашылықпен жұмыс істейтін педагогтерді ақпараттық қолдау, ұжымдар арасындағы шығармашылық байланыстарды кеңейту және білім беру ұйымдары педагогтерінің тәжірибелерімен алмасу.

5. **Фестиваль –байқау күндізгі (офлайн) форматта өткізеді.**

4. Фестиваль-байқауды ұйымдастырушылар қазылар алқасы мен ұйымдастыру комитетінің құрамдарын қалыптастырады, Фестиваль - байқауды өткізеді және қорытындысын шығарады.

2. Фестиваль-байқауды өткізу мерзімі мен тәртібі

5. Байқау **2024 жылғы 04 наурыз** Абай облысы, Семей қаласы, Абай көшесі, 73 өткізіледі.

6. Абай облысының аудан/қалаларының білім басқармалары ілеспе хаттын және өтінімді, **2024 жылғы 23 ақпанға дейін korkem.daryn@mail.ru** электронды поштаға жолдайды.

Хатқа мына құжаттарды тіркеу қажет:

1) өтінім, қатысушылар туралы мәліметтер (туу туралы куәлік немесе жеке куәлікке сәйкес толтырылған қатысушының Т. А., туған жылы, сыныбы, курсы, оқу орны, білім беру ұйымының мекенжайы мен үй мекенжайы, телефоны);

2) топ жетекшісінің Т.А.Ә., жұмыс орны, лауазымы, ұялы телефон

Қатысушылар мен топ жетекшісі туралы берілген мәліметтердің дұрыстығы және нақтылығына жіберуші тарап жауапты.

3. Фестиваль-байқауға қатысушылар

7. **Күндізгі форматта** өткізілетін Фестиваль-байқауға білім беру ұйымдарының би ұжымдары – облыстық, қалалық (республикалық маңызы бар қалалар) хореографиялық байқаудың **10-17 жастағы** жеңімпаздары қатысады.

8. Қатысушылардың саны- бір ұжым (**8 қатысушы**).

9. Фестиваль-байқау өткізілетін жерге барар жолда, оны өткізу кезінде және тұратын жеріне қайтар жолда балалардың өмірі мен денсаулығы үшін аудан/қалаларының білім бөлімінің айқындаған топ басшысы жауапты болады.

Топтың әрбір қатысушысы Фестиваль-байқау өткізілетін жерге барар жолда, оны өткізу кезінде және тұрғылықты жеріне қайтар жолда өз заттарының сақталуына жауапты болады.

10. Топ басшысында келесі құжаттар болуы керек:

1) білім алушыларды және топ басшысын байқаудың республикалық кезеңіне қатысуға жіберу туралы Білім беру басқармасы басшысы бұйрығының көшірмесі;

2) қатысушылар туралы мәліметтер (туу туралы куәлік немесе жеке куәлік бойынша толтырылған білім алушының Т.А. (толық), туған жылы, сыныбы, курсы, оқу орны және білім беру ұйымының мекен-жайы, үй мекен-жайы, телефоны, номинациясы, жұмыс аталуы, топ жетекшісінің Т.А.Ә., жұмыс орны, лауазымы, телефоны);

3) дәрігердің қолымен және мөрімен расталған қатысушының денсаулық жағдайы туралы анықтама;

5) қатысушылардың ата-аналарының нотариалды куәландырылған сенімхаттары.

4. Фестиваль-байқауды өткізу шарттары

11. Хореографиялық шығармашылықты танымал ету, іс-шараларға қатысу арқылы балаларды қосымша біліммен қамтуды арттыру үшін Фестиваль-байқау екі кезеңде өткізіледі:

1) бірінші кезең (іріктеу) – өңірлік:

мектепшілік; аудандық

(қалалық);

облыстық;

12. Фестиваль-байқаудың бірінші (іріктеу) кезеңін өткізу мерзімі аудандық (қалалық) білім бөлімдерімен реттеледі.

13. Фестиваль-байқау өңірлік кезеңде санитарлық-эпидемиологиялық қауіпсіздік нормаларын, дезинфекциялау, кварцтау, желдету режимін сақтай отырып, адамдардың жаппай жиналуына жол бермей немесе қашықтан өңірдің бас санитарлық дәрігерінің ұсынымдарын ескере отырып өткізіледі.

14. Фестиваль-байқау келесі номинациялар бойынша өткізіледі:

1) халық бий және халықтық стильдегі би:

а) әлем халықтарының билері; б)

қазақ бийі;

2) заманауи би:

